

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

режим совместной, долевой или раздельной собственности на все имущество, на определенные его виды или на имущество каждого из них. Брачный договор обладает специфическими особенностями, которые определяют его семейно-правовую природу. Во-первых, брачный договор характеризуется своей непосредственной зависимостью от брака, его существование вне брака невозможно. Во-вторых, брачный договор отличается строгим субъектным составом: его могут заключить лица, вступающие в брак, или лица в браке уже состоящие. В-третьих, своеобразность предмета брачного договора отграничивает его от других видов договоров: предметом брачного договора может быть не только уже существующее имущество, но и то, которое может быть нажито в будущем. В-четвертых, особенность брачного договора проявляется также в его содержании. Целевая направленность брачного договора состоит в регуляции имущественных отношений, возникающих между супругами. Основное назначение брачного договора заключается в изменении законного режима имущества, поскольку брачный договор является средством установления договорного режима — альтернативы законному режиму имущества супругов. Однако перечень существенных условий брачного договора законодателем не устанавливается, супруги могут внести в договор любые положения, не противоречащие действующему законодательству. Таким образом, заключение брачного договора имеет ряд преимуществ. Во-первых, данный документ является удобным способом ограждения себя от различного рода экономических проблем, которые могут возникнуть в семье. Во-вторых, брачный договор позволяет избавить супругов от судебных разбирательств, которые могут возникнуть при разводе и разделе имущества. В-третьих, данный документ может служить гарантом того, что брак был заключен не по расчету, а, следовательно, не является фиктивным. В-четвертых, достоинством брачного договора является свойство присущее таким договорам в нашей стране: их гибкость. Данный документ можно моделировать в течение всего периода брака, пополняя его дополнительными положениями и исключая другие. Таким образом, брачные договоры, как способ урегулирования имущественных отношений в браке является довольно эффективным, а институт брачного договора в Республике Казахстан достаточно развит и разработан.

Список использованных источников:

- 1.Звенигородская Н.Ф. История развития института брачного договора в отечественном законодательстве // Ленинградский юридический журнал.-№1.- 2008.-С.137.
- 2.Хазова О.А. Брачный договор: опыт стран Запада // Дело и право.-№9.-2007.-С.193.
3. Тория Ж.Н. Брак и развод по мусульманскому праву // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. -№ 12.-2010.-С. 98..

ЕРГЕ ЖЕКЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ МЕН ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Женисов Саяш Кайратулы

zh.sayash@gmail.com

Қазақстан, Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің магистранты

Қорғаудың құқығы күші кез келген субъективтік азаматтық құқық құрамына кіреді, ал егер оны қорғауды осылайша қамтамасыз етпесе, онда құқық өзінің бар болуы шартты түрде айтылады.

У.Маттеи меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды, азаматтық және жалпы құқық елдерінде бар қорғау құралдарының ерекшеліктерін атай отырып, азаматтық дәстүр сот жүйесінің: әкімшілік соттар және жалпы заңдық соттар деп аталатын дуализміне негізделетінін көрсетеді [1].

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі үшін сот жүйесінің бөлінуіне дәлдік қажет. Бүгінгі таңда, 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, сот органдарының қылмыстық, азаматтық істер бойынша нысандары Жоғарғы сот пен облыстық соттардың шаруашылық дауы бойынша коллегиялары бар бірыңғай жүйесі қызмет жасайды. Әйтсе де, азаматтық іс жүрізінде азаматтық немесе әкімшілік заңға жататындығы айқын ажыратылмаған. Ал, материалдық құқық нормалары (азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және басқа салалар) меншіктенушілер мен өзге де заттық құқық иелеріне өздеріне тиесілі құқықтарын қорғаудың әртүрлі әдістерін қарастырады. Сол себепті, меншік құқығын қорғау түсінігі жайлы сөз еткенде, ол құқықтың: азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, тағы басқа түрлерімен қадағаланатынын және қорғалатынын әсте естен шығармау керек [2].

ҚР Жер кодексіне сәйкес жерді қорғау қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде жерді қорғауға, жерді ұтымды пайдалануға, жерді ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы айналымынан негізсіз алып қоюды болдырмауға, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мен арттыруға бағытталған құқықтық, ұйымдық, экономикалық, технологиялық және басқа да іс-шаралар жүйесін қамтиды.

Жерді қорғау мақсаттары:

- 1) өндірістің экологиялық қауіпсіз технологияларын ынталандыру және орман мелиорациялық, мелиорациялық және басқа да іс-шараларды жүргізу арқылы жердің тозуы мен бүлінуін, шаруашылық қызметтің басқа да қолайсыз зардаптарын болдырмау;
- 2) тозған немесе бүлінген жерді жақсарту мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету;
- 3) жерді оңтайлы пайдаланудың экологиялық нормативтерін тәжірибеге енгізу болып табылады [3].

Меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген тәртіппен қорғалады.

Меншік құқығын қорғаудың нысандары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында нормативтік, яғни заттық құқықты қорғау туралы жалпы ережелермен анықталады. Сол себепті бірінші ахуал қорғау құқығын жүзеге асырудың кез келген азаматтық-құқықтық әдісінде орын алады. Талапкерге тиесілі құқықты тыныштықпен жүзеге асыруға бағытталған талаптар үшін қажет нормативтік негіздер, бізде іс жүзінде жоқ. Тек Азаматтық кодекстің ережелерінде мыналар қарастырылған: азаматтық құқықтарды жүзеге асыру басқа құқық субъектілерінің құқықтарын және заңнамамен сақталатын мүдделерін бұзбауға, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге тиіс. Азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа тұлғаға зиян келтіруге, құқықты басқа түрлерде қиянат жасап пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттеріне жол берілмейді. Демек, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрші құқығы мен талап қою мүмкіндігі үшін нормативтік негіз жоқ, дегенмен осындай жағдайға негаторлық заттық-құқықтық талап құрылымын таратуды жоққа шығармайды [4].

Жерге жеке меншік сақталатын дамыған елдерде жерді қоғамның мүддесін ескере отырып пайдалануды реттейтін заңдардың үлкен саны бар. Батыс әлемінде жердің әлеуметтік функциясының теориясы бар. Жер – осы қоғамдағы адамның өмір сүруінің және еңбек етуінің жалпыға ортақ шарты. Соған сәйкес, жерге жеке меншік құқығы, барлығынан бұрын, қоғамның мүдделеріне жауап беруі тиіс [5]. Жерге меншіктің әлеуметтік функциясының теориясы жерге меншік иесінің іс-әрекеттеріне мемлекеттік органдардың араласуы ортақ мүдделер пайда болған жағдайларда ғана жүзеге асырылатындығын ақтап шығады.

Алайда, алдыңғы қатарға, теорияда да тәжірибеде де «жерге жеке меншік иелеріне олардың жерлерін экологиялық мүддеге орай пайдалануын шектейтін» талаптар қойылады. Бұл үрдістің барынша айқын иллюстрациясы Америка Құрама Штаттары болып табылады. XX ғасырдың басында Америка Құрама Штаттары жерлерді белсенді пайдалану саясатын өмірге әкелді. Мемлекеттің заңнамасы жер пайдаланушыларды барлық жаңа аумақтарды игеруге ынталандырды, бұл ретте жерді пайдаланудың экстенсивті әдісі қарқынды

пайдаланылды. Экономикалық өсім тұрғысынан бұл белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді. Алайда ел «индустриалдық шөлдер» деп аталатын мәселелердің пайда болуымен соқтығысты, Америка картасы бүлінген жерлердің «ай тәрізді» ландшафтарымен көмкерілді, бұл жерлерді қайта қалпына келтіру орасан зор қиындықпен жүзеге асырылуда. XX ғасырдың 60-жылдарында белең алған экологиялық дағдарыстың салдарларына құқық пен заңнаманың реакциясы құқықтық дамытудың өзара байланысты екі үрдісі болды. Бір жағынан, бұл құқықтың жеке бір саласының – қоршаған орта құқығының (environmental law), ал екінші жағынан – табиғатты пайдалану саласында пайда болатын қоғамдық қатынастардың басқа барлық түрін құқықтық реттеуді экологияландыру болды [6].

Галятин М.Ю. пікірі бойынша, қоршаған ортаны қорғау мәселесін шешу үшін, ақырында қоғамдық қатынастар түрінде көрінетін табиғат пен адамның арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеу үшін жерді пайдалануды құқықтық реттеудің маңыздылығын мойындау америкалық заң шығарушылардың құқықтық реттеудің қолданыстағы тәсілдері бірінші ретті маңызды құралдар болуы мүмкін екендігін түсінуіне алып келді. Қоғам осы учаскеде жерді пайдаланудың белгілі бір түрлерін белгілеуге ғана емес, сонымен қатар жерді пайдаланудың экологиялық қолайлығы мен әлеуметтік тиімділігін қамтамасыз ететін жұмыс істеуінің белгілі бір шараларын, белгілі бір шеңберлерін белгілеуге мүдделі [7]. Бұл жерді рационалды пайдалануға, қорғауға және қайта қалпына келтіруге бағытталған заңнаманың жасалуына серпін болды.

Шетел мемлекеттерінде жер құқығын табиғатты қорғау жағдайында дамытудың кезекті бір дәлелі Ресей Федерациясының 2001 жылғы Жер кодексінде ерекше құрылымдық бірлік ретінде жерге жеке меншік құқығы мен жер пайдалану құқығын қорғаудың бөлініп көрсетілуі болды. РФ Жер кодексі оларды 2-бөлімде бекіте отырып, жерді қорғау мәселелерін реттеуді алдыңғы қатарға шығарады, ол іс-әрекеттің басқа түрлеріне қарағанда жерді сақтау мен оны қайта қалпына келтіруге бағытталған іс-әрекеттің бірінші ретті маңызға ие болғандығын көрсетеді. Ресей Федерациясының Жер кодексінің 12-бабының 4.1-тармағында жерді пайдалану экологиялық жүйелерді сақтауды, жердің ауыл шаруашылығында және орман шаруашылығында өндіріс құралы ретінде, шаруашылық және басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асырудың негізі ретінде бола алатын қабілетін қамтамасыз ететін тәсілдермен жүзеге асырылуы тиіс екендігін белгілейді. Бұл ережеден жерді пайдалануды құқықтық реттеу үдерісі жер ресурстарын қорғаудың екі критерийін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндігі келіп шығады [8].

Ресей Федерациясы Үкіметінің 1999 жылғы 26 маусымдағы қаулысымен бекітілген «Ресей Федерациясында 1999-2002 жылдарға арналған жер реформасын дамыту» Федералдық мақсатты бағдарламасында Ресей мемлекетінде орасан зор жер ресурстарына ие екендігі, бірақ бұл байлық тиімсіз пайдаланылып жатқандығы айтылады [9]. Жер учаскелерін пайдаланудың тиімсіздігі жердің бүлінуіне және топырақтың құнарлық қабатының жойылуына алып келеді, ал бұл табиғатта өзара байланысты екендігі даусыз. Табиғаттың орман болсын, жануарлар болсын, жер болсын, осы звеноларының бірінің дұрыс жұмыс істеуінің бұзылуы экожүйенің тұрақсыздығына алып келеді және экожүйенің тұтастығын бұзады. Сондықтан жерді қорғауды құқықтық реттеу қоғамдық мүдделерді қамтамасыз ету нысаны болып табылады [10].

Ресей Федерациясының 1993 жылғы Конституциясы жерді қорғаудың тек негізгі қағидаларын ғана бекітті. РФ Конституциясының нормаларымен (9-баптың 1-тармағы, 42-бап және 58-бап) жер Ресей Федерациясында тиісті аумақтарда өмір сүріп жатқан халықтардың өмір сүруінің негізі ретінде қорғалады; Ресей Федерациясының азаматтары қолайлы қоршаған ортаға құқылы және оны қорғауға, табиғат байлықтарын сақтауға міндетті. Ресей Федерациясының 2002 жылғы 10 қаңтардағы «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Федералдық заңының (2004 жылғы 22 тамыздағы, 29 желтоқсандағы өзгерістермен және толықтырулармен) [11] 3-бабында оның негізгі қағидаларының бірі деп қолайлы қоршаған орта мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қажетті шарты ретінде табиғат ресурстарын қорғау, оларды қайта қалпына келтіру және рационалды пайдалану

аталады. Ал осы заңның 4-бабында қоршаған ортаның ластанудан, саркылудан, деградациядан, бүлінуден, жойылудан және өзге де жағымсыз шаруашылық пен басқа да іс-әрекеттерден қорғау объектілері деп жерлерді, жер қойнауын және топырақты айтады.

Осылайша, жердің қолайлы экологиялық жағдайын ұстау, олардың рационалды пайдаланылуы, азаматтар мен ұйымдардың заңды құқықтарының объектісі ретінде жерді қорғау жер және табиғат ресурстарын қорғау туралы заңнамаларды дамытудың қағидалы негіздері ретінде көрініс табады.

Дегенмен Ресей Федерациясының Жер кодексінде жерді пайдалану және қорғау түсініктерінің анықтамалары берілмейді [12]. Теорияда аталған түсініктердің мәні мен мазмұнына қатысты әр түрлі көзқарастар айтылады. Мысалы, Г.С. Башмаков жерді пайдалану түсінігінің мәні деп жер учаскесінде бар пайдалы қасиеттерді иеленуді есептеуге болады деп тұжырымдайды. Жерді пайдалану түсінігінің мәнін Ресей Федерациясының Су кодексінің 1-бабында айтылатын, азаматтар мен заңды тұлғалардың материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жер учаскелерінен әр түрлі тәсілдермен алу секілді су объектілерін пайдалану типін анықтауға да болады. Жерді қорғау түсінігінің мәні олармен жерді сақтауға және қайта қалпына келтіруге бағытталған іс-әрекет (Ресей Федерациясының Су кодексімен ұқсас) ретінде сипатталады [13].

Жерді құқықтық қорғау деп жерді қоршаған табиғи ортаның маңызды объектісі ретінде сақтауға бағытталған, басты құраушы бөлігі ретінде жерді пайдалану тәртібін құқықтық реттеуді қосатын ұйымдастырушылық-құқықтық және экономикалық шаралардың жүйесін белгілеу, сонымен қатар жерді рационалды пайдалану мен оны қорғау бойынша міндеттерді бұзғаны үшін заңды жауапкершілік шараларын белгілеу және қолдану түсініледі.

Жерді құқықтық қорғау мәселесі өзінен-өзі пайда болмайды. Жерді қорғау бойынша шаралардың жүзеге асырылуының себебі жер ресурстарын пайдалану нәтижесінде пайда болатын жағымсыз салдарларды жоюдың объективті қажеттілігі болып табылады. Сондықтан жерді құқықтық қорғау жерді пайдаланудың жағымсыз экономикалық, экологиялық және өзге де салдарларының алдын алуға және оларды болдырмауға арналып іске асырылады. Бұған рұқсат беру, субъектілердің үлгілі іс-әрекеттерін марапаттау, сонымен қатар құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту жолымен қол жеткізуге болады [14].

Жерге қатысты құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершілік жерді пайдаланудың тәртібін қолдауға, жерге субъективті құқықтарды қорғауға бағытталған жерді құқықтық қорғаудың қатаң әрі тиімді шарасы болып саналады. Ол жерге құқық субъектілері ретінде жеке және заңды тұлғалар құқыққа сәйкес келмейтін іс-әрекеттер жасаған кезде қолданылатын мәжбүрлеу шаралары болып табылады. Мәжбүрлеу шаралары ескерту сипатында болуы мүмкін, сонымен қатар субъектілердің құқыққа сәйкес емес іс-әрекеттерінің жолын кесу және осындай әрекеттерді жасағаны үшін жазалау түрінде болуы да мүмкін.

Жерді пайдалану бойынша шаруашылық қызметтің барлық зиянды жағымсыз салдарларының алдын алу мақсатында РФ ЖК-нің 13-бабы жерге меншік иелерінің, жерді пайдаланушылардың, жер иелерінің және жер учаскелерін жалға алушылардың төменде көрсетілген іс-шараларды жүргізуін міндеттейді. [15]

Осыған ұқсас, жерді қорғау жөніндегі маңызды шаралардың бірі жерге меншік иелерін, жерді пайдаланушыларды, жер иелерін және жер учаскелерін жалға алушыларды экономикалық ынталандыру болып табылады. Жерді қорғауды және оны рационалды пайдалануды экономикалық ынталандыру топырақтың құнарлылығын сақтаудағы және оны қайта қалпына келтірудегі, сонымен бірге шаруашылық іс-әрекеттің жағымсыз зиянды салдарларынан жерді қорғау бойынша іс-шараларды іске асырудағы жерді пайдаланатын тұлғалардың мүдделерін жоғарылатуға бағытталған.

Экономикалық ынталандырудың мысалы РФ Үкіметінің 2001 жылғы 8 қарашадағы қаулысымен бекітілген «2002-2005 жылдарға арналған Ресейдің топырақ құнарлылығын арттыру» деп аталатын Федералды мақсатты бағдарламасы мысал бола алады. [16]

Жерді қорғау талабы ауыл шаруашылық бағытындағы және ауыл шаруашылық емес бағыттағы жерлердің пайдаланушыларына, сонымен қатар жерді пайдалану мәселелерін шешетін мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға қатысты. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, Ресей Федерациясының аумағында жеке тұлғалар да заңды тұлғалар да жер заңнамасын жиі бұзады. Осы саладағы құқық бұзушылықтарды жер реформасын жүзеге асыратын органдардың өзі жасайды. Рационалды емес шаруашылық жүргізу соңғы жиырма жылдықта ауыл шаруашылық алқаптары аудандарының тұрақты түрде қысқаруына алып келді. Федерацияның жекелеген субъектілерінде егістік жерлерді бұталар, талдар басып кеткен, орманға айналдырған немесе батпақтандырып жіберген. Ресей Федерациясы Үкіметінің 1999 жылғы 26 маусымдағы №694 «Ресей Федерациясында 1999-2002 жылдарға арналған жер реформасын дамыту» Федералдық мақсатты бағдарламасы туралы» Қаулысында ондаған миллион гектар жерлердің ауыл шаруашылығында пайдаланудан алынып тасталғандығы, деградация мен топырақтың құнарлылығының төмендеуі жүріп жатқандығы көрсетіледі. Бұл ретте, жерді рационалды емес және шаруашылық мақсатқа сәйкес емес пайдалану жағдайларында мәселе жерді пайдалану туралы заңнаманың құқықтық нормаларының жеткіліксіздігі туралы емес, жерге қатысты құқықтық қатынастар субъектілерінің қолданыстағы заңнаманың талаптарын орындамауы туралы болады. Жерді пайдаланудың өкілеттілігі туралы айта отырып (бірақ, өзге де табиғи ресурстарды да пайдалану), барлығынан бұрын, бұл тек пайдалану өкілеттілігі ғана емес, сонымен қатар пайдалану міндеттілігі екенін есте сақтаған жөн. «Құқық-міндеттілік» секілді мұндай құбылыс жердің және өзге де табиғи ресурстардың қоғамдық (ұлттық, жалпыхалықтық) мүлік екендігін мойындау негізінде пайда болады, бұл ретте оның тікелей заңнамада жазылуы немесе жазылмауы міндетті емес [17].

Құқықтық нормалардың тапсырмаларын сақтау бойынша субъектінің өзінің міндеттерін орындамауы өзімен бірге мемлекеттің тарапынан айып тағылуын және сол бойынша жауапкершілікке тартылуды туындатады.

Осылайша, жерді рационалды пайдалану және оны қорғауды қамтамасыз ету үшін қолданылатын шаралардың ішінде артықшылық ұйымдастырушылық-экономикалық және алдын алушы-профилактикалық шараларға беріледі. Бірақ егер бұл шаралар қажетті тиімділікке әкелмейтін болса, онда кінәлі тұлғалар заңды жауапкершілікке тартылады. Жерді пайдалану және оны қорғау саласындағы құқық бұзушылықтарға жауапкершілік институтын құқық қорғау механизмі бөлімі аяқтайды. Ол жердің құқықтық қорғалуының негізгі шараларының бірі болып табылады. Оның үлгілі іс-әрекеті үшін субъектілерді марапаттаумен дұрыс үйлесімі жердің рационалды пайдаланылуын қамтамасыз етуге және оның қасиеттерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Азаматтардың, лауазымды тұлғалардың және заңды тұлғалардың жерді рационалды пайдалану және оны қорғау туралы заңнаманың талаптарын орындауы жерге қатысты құқық бұзушылықтар жасаған кінәлі тұлғаларға тәртіптік, әкімшілік-құқықтық, азаматтық-құқықтық, қылмыстық-құқықтық және жер-құқықтық жауапкершілік шараларын қолданумен қамтамасыз етіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Маттеи У. Основные принципы права собственности //Маттеи У, Суханов Е.А. Основные положения права собственности.М., 1999.
2. Қазақстан Республикасындағы меншік құқығы: Уго Маттеидің «Меншік құқығының негізгі принциптері» атты кітабына салыстырмалы-құқықтық түсініктеме. — Алматы: Дайк-Пресс, 2000. — 296 бет.
3. Қазақстан Республикасының «Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II кодекс // Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесі

4. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы қаулысымен қолданысқа енгізілді // Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі
5. О некоторых проблемах развития земельного законодательства на современном этапе // Государство и право. 1997. №3С.51
6. Бринчук М.М. Возникновение и развитие института «environmental impact statement» // Право и охрана природы. М., 1979. С. 139-140
7. Галятин М.Ю. США: правовое регулирование использования земель. М. 1991 С. 194-195
8. Болтанова Е.С. Земельное право: курс лекций. - М.: ИНФРА-М, 2002. - 203 с.
9. Волков Г.А., Голиченков А.К., Козырь О.М. Комментарий к Земельному кодексу Российской Федерации - М.: БЕК, 2002. - 425 с.
10. Комментарий к Земельному кодексу Российской Федерации под ред. Боголюбова С.А., Мининой Е.Л. М., 2002. С.55-56
11. Ивакин В.И. Теория юридической ответственности за экологические правонарушения и практика ее применения. - М.: Право и государство, 2004. - 257 с.
12. Комментарий к Земельному кодексу Российской Федерации / Под ред. Г.В. Чубукова, М.Ю. Тихомирова. - М.: изд. г-на М.Ю. Тихомирова, 2002.- 447 с.
13. Башмаков Г.С. О понятиях рационального использования и охраны земли // Государство и право. 1999. №10. С.44
14. Байдельдинов Д.Л., Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. - Алматы: Интерлигал, 2004.
15. Петров В.В. Экологическое право России: Учебник для вузов. - М.: БЕК, 1995.-557 с.
16. База данных Консультант Плюс. Версия: Эксперт: Президент, Правительство.
17. Червякова Ю.Г. О практике прокурорских проверок исполнения земельного законодательства // Земельное право. 1998. № 1 С.3-4

УДК 341 (091)

БРАЧНО-СЕМЕЙНЫЕ ОТНОШЕНИЯ В РИМСКОМ ПРАВЕ

Жолимова Асель

asselxx@gmail.com

студентка 1-го курса Юридического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана,
Казахстан

Научный руководитель – Тлепина Шолпан Валерьевна

Правовой строй римской семьи относится к числу специфических правовых институтов римского права. Только римский гражданин имел право вступать в брак и основать семью.

История римского семейного права знает два вида брака. Римский брак порождался в разных имущественных и личных отношениях.

Первым видом брака являлся *cum manu*, который устанавливал власть мужа над женой. В такой семье лишь домовладыка был вполне правоспособным лицом (*persona sui iuris*), а остальные члены семьи полной правоспособности не имели (*personae alieni iuris*). Сыновья и внуки не получали свободы от подчинения отцовской власти даже если получают должность магистрата. Не освобождает от власти главы семьи и никакой возраст подвластных. Власть отца прекращается только со смертью или по воле домовладыки.

Существовал второй вид брака *sine manu*, не порождавший власти мужа над женой и первоначально не устанавливавший вообще юридической связи между мужем и женой: юридически чужая мужу и своим детям, жена пребывает в том же семейном положении, в каком она была до вступления в брак.